

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУАТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

# НОВАТОР

12 ақпан  
2016 жыл  
ЖҰМА

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.KMGRM.KZ

№ 6 (4267)

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



4  
ЧТО «ЗАЛИВАЮТ» НА  
КАЗАХСТАНСКИХ АЗС?



6  
ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІСТІ  
ҰШТАСТЫРҒАН МАМАН

Секция селективного гидрирования нефти каталитического крекинга (титул 3206)



ИНВЕСТЖОБА



ИНВЕСТПРОЕКТ

## Келешегі кемел кешен

Мұнайды тереңдетіп өндеу кешенінің құрылысы қарқын алды. Алып құрылыс алаңында жүздеген мамандар мен жұмысшылар еңбек етуде. «Sinoproc Engineering (Group) Co. LTD» ҚФ нысандарында, атап айтқанда, 10 технологиялық қондырғы мен 10 жалпызауыттық нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жүруде. «Цехаралық технологиялық және жылу-техникалық коммуникациялар» 3214 титулында құрылыс 14 секторда, «Сумен жабдықтау және кәріз» 3601 титулында 4 секторда жұмыстың қызған шағы. Құрылыс алаңында 739 жұмысшыны құрайтын 30 субмердігер компания жұмылдырылған. Сондай-ақ, «Sinoproc Engineering (Group) Co. LTD» Қазақстан филиалының 69 өкілдігі бар.

...Биіктігі ондаған метр боларлық алып металл құрылмалар, технологиялық қондырғылар, кейбір жерлерде құрылғылар орнатылып жатыр. Мұның бәрі де келешек технологиялар. Дәнекерлеушілердің жарқ-жүрқ еткізген отты құралы, темірді кесетін араның дыбысы мен балғаның соғысы, келімді-кетімді жүк көліктерінен түсіріліп жатқан материалдар. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс қызып жатыр. Жұмысшылардың бәрі де бір үлкен іске жұмылған.

- Құрылыс жұмыстары, көріп отыр-

сыздар аяқталуға таяу,-дейді МТӨК (SEG) құрылысы бөлімінің құрылыс жөніндегі маманы Абзал Жағыпаров. – Құрылыстың негізгі діңгегі- іргетасы. Ол берік әрі шыдамды, яғни, сапалы болуы шарт. Себебі, мына алып металл құрылғыларды мызғымай ұстап тұруы қажет. Сондықтан да іргетас бетонын құю кезінде қатаң бақылау жүргізілді. Алдымен, жердің тығыздығы жөнінде зертханалық зерттеу жүргізілді, жер асты суының болмауы тексерілді.

(Жалғасы 2-бетте.)

## КГПН: реализация в активной стадии

Строительство комплекса глубокой переработки нефти стремительно набирает обороты. На гигантской строительной площадке трудятся сотни специалистов и рабочих. На объектах КФ «Sinoproc Engineering (Group) Co. LTD» ведутся строительные-монтажные работы на 10 технологических установках и 10 объектах общезаводского хозяйства. На титуле 3214 «Межцеховые технологические и теплотехнические коммуникации» строительство ведется в 14 секторах, на титуле 3601 «Сети водоснабжения и канализации» - в 4 секторах. В работах задействовано 30 субподрядных организаций в количестве 739 человек рабочего персонала, находящихся непосредственно на строительной площадке, в том числе, 69 представителей КФ «Sinoproc Engineering (Group) Co. LTD».

... Огромные металлические конструкции высотой в несколько десятков метров. Это будущие технологические установки, на некоторых из них уже устанавливается оборудование. Сварочные работы, там и тут слышен лязг режущегося металла, стук молотков, подъезжают машины с материалами и оборудованием. Одним словом, работа идет полным ходом.

- Строительные работы, можно сказать, на стадии завершения, - говорит специалист по строительству отдела

по строительству КГПН (SEG) Абзал Жағыпаров. - Основа строительства – это фундамент. Он должен быть крепким и прочным, то есть качественным, выдерживать всю тяжесть этих металлоконструкций. Поэтому велся строгий контроль над заливкой бетона. Эта работа была начата только после лабораторных исследований плотности почвы, на отсутствие в ней грунтовых вод. Фундамент создается в несколько этапов.

(Продолжение на стр.3)



**ҚазМұнайГаз**  
АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУАТЫ

**УАҚЫТПЕН ҮЗЕҢГІЛЕС!**  
**ВМЕСТЕ СО ВРЕМЕНЕМ!**



# Келешегі кемел кешен

(Жалғасы. Басы 1-бетте.)

Содан кейін барып, бетон құю жұмыстары басталды. Іргетасты құю бірнеше кезеңнен тұрады. Алғашқыда биіктігі 10 см. бетон құйылды, оған ауырлықты ұстайтын арматура байланды. Оны белігілі бір уақыт өткен соң, тәуелсіз геодезистер сынақтан өткізді. Сапасы оң нәтиже көрсеткен соң ғана толықтай іргетасы құйылды. Қысқы мезгілде де, жазда да бетон құюдың өзіндік талаптары бар. Мәселен, қыста цемент 50 минуттан соң қата бастайды. Сондықтан оған арнайы қоспа араластырылады. Осылайша, оның күштілігі жойылмай сақталады. Ал, бетонның сапасы арнайы зертхананың қатаң бақылауында болады. Бүгінде тоқталып өткендей, құрылыс жұмыстары, оның ішінде бетон құю жұмыстары аяқталды. Металл құрылғыларды монтаждау мен қондырғыларды орнату жүргізіліп жатыр. Жұмыс ырғағы көріп отырғандай, өте қарқынды.

3203 титулы 3 секциядан тұрады: алкифайнинг қондырғысы, олигомеризация қондырғысы және сутектендіру қондырғысы.

3203 титулындағы металл құрылғыларды монтаждау



**“Атырау мұнай өңдеу зауытындағы мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені құрылысы” жобасы ҚР-ның үдемелі индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында және ҚР аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарының зиянды заттар шығарындыларына қойылатын талаптар туралы Техникалық регламентте көзделген шараларды орындау аясында жүзеге асырылуда.**

- Alkyfining қондырғысы Sulflex (0500) қондырғысынан келетін шикізатты алдын ала өңдеуге арналған. Сонымен қатар ол олигомеризация қондырғысы (1600) мен полибензинді сутектендіру қондырғысында (2600) ары қарай өңдеуге мүмкіндік береді. Жобалық қуаттылығы бірінші нұсқада жылына 440,80 мың тонна, екінші нұсқа бойынша жылына 363,80 мың тонна шикізатты өңдеуге қауқары бар. Екінші қондырғының мақсаты полимер-керосин мен полимер-бензин фракциясымен бірге Alkyfining (0600 қондырғысы) қондырғысынан келетін изобутен және қалыпты бутендерді, пропиленді терең олигомеризациялайды. Олигомеризация блогының өндірістік өлшем көлемі сығылған газ бойынша жылына 440,34 мың тоннаны құрайды. Ол өз кезегінде алкифайнинг блогының өнімділігіне сәйкестендірілген. Полимер-бензинді сутектендіру қондырғысы олефинді полимер-бензинді сутектендіру,-дейді МТӨК ауысым бастығы Дәурен Қадыров.

Мұнда барлық құрылыс жұмыстары аяқталған. Дәнекерлеу жұмыстары

үшін сатылар жасақталуда және болттар қатайтып тартылуда. Қондырғыларға қызмет көрсететін алаңдар керамзит-бетонмен құйылады, себебі, ол басқа бетондарға қарағанда жылуды ұзақ ұстап тұра алады. – Бұл құрылыс алаңында металл құрылғыларды монтаждау жұмыстары жүргізілуде, одан соң қондырғыларды орнату басталады,- деп жалғастырды кешен құрылысымен таныстырып жүрген Абзал Жағыпаров. – Іргетасы отырып кетпес үшін, оған арнайы қоспа араластырылған бетон құйылады. Құрылыс жөніндегі маман сөз арасында құрылыстың кезең-кезеңмен жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Металл құрылғылар құрастырылған соң, дәнекерлеу жұмыстары басталады. Қондырғылар монтаждалады. Монтаждаушылармен бір мезгілде құрылыс алаңында электрик-

**Инвестициялық жобаның стратегиялық мақсаты – кәсіпорнында әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жоғары сапалы мұнай өнімдерін шығаруға мүмкіндік беретін қазіргі заманға сай техникалық база қалыптастыру.**

тер мен өлшеу құралдарын бақылау мамандары да жұмыс жүргізеді. Көзге бірден түсетін аралық өнімдерді жинайтын ыдыстар секілді алып қондырғылардың кейбірі алаңда орнатылған.

Металл құрылғыларды құрастыру жұмысы каталитикалық крекингтің нафтаны сутектендіру қондырғысында (3206 титулы) қарқын алған. Бұл қон-

**Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені жоғарыоктанды бензин, авиациялық және дизель отынының өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді. 5,5 млн. тонна жылдық мұнай өңдеу қуаты жағдайында АМӨЗ 1 миллион 745 мың тонна автокөлік бензинін, 1 миллион 640 мың тонна дизель отынын, 244 мың тонна авиакеросин өндіретін болады.**

дырғы бензиннің октан өлшемін көп жоғалтпай бензинді катакреннинг сутектендіру арқылы TAME этерификациясы секциясына шикізат, Naphtha HT нафтаны сутектендіру секциясына шикізаттар дайындау мақсатында каталитикалық крекинг бензинін тазалауға арналған. Қарапайым сөзбен айтқанда, аталған қондығының мақсаты – тауарлық бензиннің ішіндегі күкіртті қосындылардың мөлшерін мейлінше азайту. Атап айтқанда, Евро 4 талаптарына сәйкес соңғы өнімде күкірт мөлшері 30 ppm, ал, Евро 5-те 10 ppm аспауы шарт. Қасындағы газойлды гидротазалайтын «Prime D» (2000 секция) аталатын қондырғы керосин мен дизель отынын күкіртсіздендіруге арналған.

«R2R» (3201титул) каталитикалық крекинг қондырғысында технологиялық құрылғылар монтаждалуда. – Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені іске қосылғанда, катакреннинг былай айтқанда, зауыттың жүрегі болмақ,-дейді Дәурен Қадыров. – Мұнда атмосфералық айдамалдаудың сарқындылары (AR, мазут), ауыр газойл (ТГО 320-370), вакуумды газойл (ВГО 370+), ауыр газойлды кокстеу, ароматикалық өндіріс

кешеніндегі ауыр рафинад пен ауыр ароматикалық қосындыларды, сондай-ақ осы кешеннен сығылған көмір-сутекті газын (СУГ) және бензин мен жеңіл газойл катакреннинг (ЛГКК) сияқты құнды өнімдері өңделіп алынады. Қондырғы технологиясы француздың Axens компаниясымен жасақталған. Қондырғының атауы –«R2R», мұнда бір реактор мен екі регенератор орналасқан. Қуаттылығы жылына 2,5 млн. тонна өнім шығаруға қауқарлы.

- МТӨК құрылысы бірінші маңызға ие осы каталитикалық крекинг қондырғысынан басталды, - дейді



Абзал Жағыпаров. – Мұнда алаңдардың бәрі дерлік құйылған. Дәнекерлеу жұмыстары мен ұсақ-түйек өңдеу қажет. Сонымен қатар технологиялық пештерді монтаждау басталды. Жалпы барлық құрылысы нысандарында жұмыс тоқтаусыз жалғасуда. Апта сайын басшылық құрылыстың жүру барысын саралап, өзекті мәселелерін шешіп отырады.

**Нұрлыбек ҒИЗАТОВ**



СТРОИТЕЛЬСТВО КГПН

# КГПН: реализация в активной стадии

(Продолжение. Начало на стр.1)

Вначале был залит бетон высотой 10 см, потом обвязана арматура, которая предназначена для поддержания тяжести. После укладки арматуры проверку провели независимые геодезисты, и только после положительного результата был полностью залит фундамент. Бетон, как в холодный период времени, так и летом требует соблюдения определенных условий. К примеру, зимой, так как цемент через 50 минут начинает замерзать, в бетон добавляется специальная смесь, и таким образом продлевается так называемое рабочее время строительного материала. Качество бетона строго контролируется специальной лабораторией. Сейчас, как я уже сказал, строительные работы, в том числе заливка фундамента, завершены. Идет монтаж металлоконструкций, установка оборудования. Темпы работ очень хорошие.

**Реализация проекта «Строительство комплекса глубокой переработки нефти на Атырауском НПЗ» проводится в рамках реализации Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития РК (ГПФИИР), Послания Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» и утвержденного Технического регламента о требованиях к выбросам вредных веществ автотранспортных средств, выпускаемых в обращение на территории РК.**

Титул 3203 состоит из трех секций: это установка алкифайнинга, установка олигомеризации и установки гидрирования.

- Установка Alkyfining предназначена для предварительной обработки сырья, поступающего от установки Sulfrex (0500), с обеспечением возможности последующей переработки в установке олигомеризации (1600) и в установке гидрирования полибензина (2600). Проектная мощность по сырью составляет 440,80 тыс.т/год по первому варианту и 363,80 тыс.т/год по второму варианту. Назначение второй установки заключается в глубокой олигомеризации пропилена, изобутена и нормальных бутенов, поступающих от установки Alkyfining (установка 0600) с получением фракций полимер-бензина и полимер-керосина. Номинальная расчетная производительность блока олигомеризации составляет 440,34 тыс.т/год по сжиженному газу, что соответствует номинальной производительности блока алкифайнинга.

Установка гидрирования полимер-бензина предназначена для гидрирования олефинового полимер-бензина, - рассказывает начальник смены КГПН Даурен Кадиров.



Секция каталитического крекинга «R2R» (титул 3201)



Здесь все строительные работы завершены. Сейчас сооружаются леса для проведения сварочных работ, а также для затяжки болтов. Площадки для обслуживания установок будут заливаться керамзитбетоном, который от обычного отличается тем, что держит тепло. - На этой площадке идет монтаж металлоконструкций, после которого начнется установка оборудования, - продолжает знакомить с ходом работ Абзал Жагыпаров. - Чтобы фундамент не просел, будем заливать его подливкой, то есть специальной смесью.

Работы ведутся поэтапно, говорит специалист по строительству, после сооружения металлоконструкций, будут проведены сварочные работы, потом начнется монтаж оборудования, одновременно с монтажниками на площадках будут работать электрики и специалисты по контролю – измерительным приборам (КИП). Некоторые громоздкие виды оборудования, как емкости для сбора промежуточного продукта, уже установлены на

площадке.

Сборка металлоконструкций активно ведется и на установке селективного гидрирования нефти каталитического крекинга (титул 3206). Эта установка предназначена для очистки бензина каталитического крекинга с целью подготовки сырья для секции этерификации TAME, подготовки сырья для секции гидроочистки нефти Naphtha HT, гидроочистки бензина каткрекинга с минимальными потерями октанового числа. Простыми словами, назначение данной установки - снижение количества сернистых соединений в продуктивном бензине. Так как, согласно требованиям Евро - 4, содержание серы в конечном продукте не должно превышать 30 ppm, а в Евро - 5 - 10 ppm. Соседняя установка гидроочистки газойля «Prime D» (секция 2000) предназначена для производства обессеренного керосина и дизельного топлива.

Монтаж технологического оборудования идет на установке каталитического крекинга «R2R» (Титул 3201).

**Стратегическая цель инвестиционного проекта - организация современной технической базы на действующем предприятии по выпуску высококачественных нефтепродуктов, отвечающих мировым стандартам.**

- С вводом КГПН в эксплуатацию, каткрекинг станет, можно сказать, сердцем завода, - говорит Даурен Кадиров. - Здесь будут перерабатываться остатки атмосферной перегонки (AR, маз-

ут), тяжелого газойля (ТГО 320-370), вакуумного газойля (ВГО 370+), тяжелого газойля коксования, тяжелого рафината из комплекса производства ароматики и тяжелых ароматических соединений из этого же комплекса в более ценные продукты, такие как сжиженный углеводородный газ (СУГ),

**КГПН позволит увеличить производство высокооктанового бензина, авиационного и дизельного топлива. При переработке 5,5 млн. тонн нефти в год, завод будет выпускать 1млн.745 тысяч тонн автомобильного бензина, 1 миллион 640 тысяч тонн дизельного топлива, 244 тысяч тонн авиакеросина.**

бензин и легкий газойль каткрекинга (ЛГКК). Технология разработана французской компанией Ахепс. Называется «R2R», так как будет иметь один реактор и два регенератора. Мощность установки – почти 2,5 млн. тонн в год.

- Строительство КГПН началось именно с установки каталитического крекинга, ввиду значимости, его первым и начали возводить, - говорит Абзал Жагыпаров. - Здесь площадки уже залиты, остались сварочные работы и кое – какие мелкие работы. Кроме этого, ведется монтаж технологических печей. В целом, как вы видите, работа идет на всех участках, нет проста. Ежедневно наше руководство анализирует всю работу, решаются проблемные вопросы.

Индира САТЫЛГАНОВА



НОВОСТИ КОМПАНИЙ АО «КАЗМУНАЙГАЗ - ПЕРЕРАБОТКА И МАРКЕТИНГ»

# Что «заливают» на казахстанских АЗС?

Этим вопросом задался житель Алматы Нурлан Конакбаев, и далеко не из праздного любопытства. Двигатель его «Той-оты» начал барахлить после заправки отечественным бензином АИ-92 на АЗС крупной национальной компании.

В отличие от многих автолюбителей, Нурлан не ограничился сотрясанием воздуха и гневными, но, увы, бесполезными словесными выпадами в адрес производителя. Он позвонил по телефону call-центра ТОО «КазМунайГаз Өнімдері», указанному в «Уголке потребителя» автозаправки, и потребовал возместить ему затраты на бензин и ремонт топливной системы автомобиля.



Операторы call-центра предложили Нурлану другой вариант. В его присутствии передвижной лабораторией качества будут взяты пробы бензина АИ-92 из резервуара той АЗС, где заправлялась его авто. Затем Нурлан сможет лично проехать в испытательную лабораторию, где на специальном оборудовании будут оценены октановое число, наличие примесей и вредных веществ в бензине. Нурлан отнесся к предложению конструктивно и согласился поучаствовать в определении качества отечественного топлива. Кстати, производителем бензина оказался Атырауский нефтеперерабатывающий завод, который регулярно заявляет о соответствии своей продукции всем необходимым нормам. В присутствии Нурлана резервуар был вскрыт, отобранный бензин налит в лабораторную тару, запечатан и промаркирован.



Затем проба отправилась в испытательную лабораторию, где потребитель заполнил заявку на проведение исследований. И бензин поступил в испытательное оборудование лаборатории.



Нурлан сам видел показания, которые выдают анализаторы контроля качества.



Согласно схеме процесса лабораторных испытаний, клиент получил на руки официальный протокол с результатами проверки. Они показали, что в бензине отсутствуют механические примеси. Октановое число и фракционный состав показали полное соответствие нормативам, а по некоторым характеристикам бензин даже несколько превзошел требования к качеству.

**КазМунайГаз**  
 Филиал «Испытательная лаборатория города Алматы»  
 ТОО «КазМунайГаз Өнімдері»  
 09797, Алматинская область, Илийский район, с. Борсайық, ул. Менделеева, д. 102  
 Аттестат аккредитации № КЗ.И.04.07.06 от 13.07.2015 г.

**ПРОТОКОЛ ИСПЫТАНИЙ № 000025**

Клиент: Нурлан Конакбаев  
 Адрес: Алматы, ул. Мухомбетовская, д. 102  
 Контакт: +7 77 411 11 11

Объект: Бензин АИ-92

Цель: Проверка качества бензина

Испытательная характеристика	Объемные характеристики	Вязкость	Вязкость при 100°C	Вязкость при 200°C
Плотность при 15°C, кг/м³	750,0 ± 0,1	1,74 ± 0,01	1,20 ± 0,01	0,70 ± 0,01
Динамическая вязкость при 100°C, мм²/с	1,74 ± 0,01	1,74 ± 0,01	1,20 ± 0,01	0,70 ± 0,01
Динамическая вязкость при 200°C, мм²/с	1,20 ± 0,01	1,20 ± 0,01	1,20 ± 0,01	0,70 ± 0,01

Испытатель: Ж. Орманбаев  
 Проверил: Е. Манбаев

Примерно понимая истинную причину неполадок в автомобиле потребителя, представители компании ТОО «КазМунайГаз Өнімдері» предложили Нурлану проверить исправность топливной системы машины на СТО. Бывает, автолюбители забывают проверить, бензин с каким октановым числом можно использовать на тех или иных авто, особенно, новых и престижных марок.

К чести Нурлана, он решил идти до конца в поисках проблемы. Его машина отправилась на станцию техобслуживания.

В присутствии Нурлана мастер СТО Саят проверил уровень масла, состояние форсунок, топливного и масляного фильтров, - всего, что, в основном, влияет на работу топливной системы автомобиля.

Здесь и обнаружилась причина проблемы: топливный фильтр оказался настолько засорен, что уже перестал



справляться со своей главной задачей – очищать топливо от механических примесей.

Механические примеси: окиси, пыль, конденсат теоретически могут попасть в бензин как на стадии производства, так и хранения и перевозки. Также бензин может быть загрязнен частицами, находящимися внутри бензобака, или засорение могло произойти из-за конденсата, который появляется в баке в результате перепадов температуры, например, зимой или осенью.

Нурлан и сам убедился, что фильтр давно пора заменить. Что и выполнил мастер СТО.

После замены двигатель заработал нормально, а Нурлан заверил работников АЗС, что претензий к качеству



СТО ИП «Каримбаев К.Б.»  
 Контактные телефоны: 8-707-834-87-77, 8-701-443-62-67.

Дефектный акт  
 Дата: 12.12.2016 год  
 Марка, модель автомобиля: Toyota, год: 2007  
 Владелец автомобиля: Каримбаев К.Б., конт. тел.:  
 VIN код: JT1H14E5300014756 год выпуска: 2007  
 Исполнительный мастер: С. Саят

П/п	Наименование работы	Ед. изм.	Кол-во	Стоимость работы	Стоимость запчасти
1	Замена топливного фильтра		1		
2					
3					
4					
5					
6					
Сумма к оплате					

Заключение: В ходе ремонта автомобиля могут возникнуть дополнительные затраты.

М.П. Каримбаев К.Б.

топлива не имеет. При наличии любых претензий или подозрений к бензину клиент не просто может, а должен требовать доказательства качества топлива.

Компания, которая борется за потребителя, обязана провести его через весь доказательный ряд и установить истинную причину негативной «реакции» двигателя внутреннего сгорания автомобиля.

Этот клиент не пожалел времени и сил, чтобы понять причину возникших проблем. Такой клиент действительно дорог любой компании!

**Авторы фоторепортажа благодарят Нурлана Конакбаева за принципиальность и призывают всех автолюбителей следовать его примеру.**



ПОЗДРАВЛЕНИЕ

## Уважаемый Руфат Турсунович!

*Правление и коллектив ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» поздравляют Вас с назначением на должность заместителя генерального директора по маркетингу АО «КазМунайГаз-переработка и маркетинг»!*

*На Атырауском НПЗ Вы работали с 2006 года, и все эти годы руководили значимым, важным участком работы - решали вопросы поставок нефти и реализации нефтепродуктов. Вы смогли выстроить деловые и плодотворные отношения со всеми давальцами нефти, которые благотворно отразились на производственной деятельности предприятия.*

*Вас отличает грамотность, корректность, коммуникабельность. Умеете ставить цели перед своей службой и добиваться положительных результатов. На всех уровнях Вы отстаивали интересы Атырауского НПЗ.*

*Желаем Вам здоровья, благополучия, процветания, достижения новых высот и чтобы Ваш труд был направлен на процветание нашей республики!*



“ҚАЗМҰНАЙГАЗ - ӨНДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ” АҚ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## Кәсіптік бағдар таңдау үрдісі жалғасуда

**«ПетроКазахстан Ойл Продактс» Шымкент мұнай өндеу зауытына жергілікті жоғары сынып оқушыларының бір тобы саяхат жасады,-деп хабарлайды «ПКОП» ЖШС бұқарамен байланыс бөлімі.**

Фуркат атындағы №37 орта мектептің 34 оқушысы мен педагогтары зауыттың резервуар паркін, эстакадаларды, зауыт зертханасын аралап көріп, мұнай өндеу технологиялары мен мұнайшы мамандығы жөнінде толғанып жүрген сұрақтарына жауап алды. Оларды зауытпен №1цехтың аға инженері Нұрбол Нұрманов таныстырды. Ол балаларға мұнай өндеу мен мұнай өнімдерін шығарудың ерекшеліктеріне тоқтап, бензин, керосин және басқа да еліміздің дамуы мен өмірлік қолданысқа қажетті химиялық заттар туралы әңгімелеп берді.

Саяхат Оңтүстік Қазақстан облысының Кәсіпкерлер Палатасының бастамасымен ұйымдастырылды. Бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Палатасы мен Білім және ғылым министрлігінің бірлесіп жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдау жолындағы көрсетіп жатқан көмегінің бір бөлшегі ғана. Шымкент АМӨЗ-і Кәсіпкерлер Палатасының ұсынысына үнемі үн қосып, оқушыларды қонаққа шақырып отырады. Мамандықпен танысу үрдісі соңғы үш жылдан бері дәстүрлі түрде жолға қойылған.



ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА

## Экологическая информация

(с 3 февраля по 11 февраля 2016 г.)

Забор воды с р. Урал для производственных нужд составил – 99 000 м<sup>3</sup>. Лимит забора воды не превышает. Сброс биологически очищенной сточной воды на пруд испаритель составил – 58 020 м<sup>3</sup>. На повторное потребление направлено 20 257 м<sup>3</sup> очищенной воды. Санитарно-промышленной лабораторией ИЦ «ЦЗЛ» проведены 351 исследование качества производственного стока цехов и завода, 83 исследования качества оборотного водоснабжения, 318 исследования состояния воздушной среды производственного помещения. Произведено 4018 автоматических исследований качества атмосферного воздуха в санитарно-защитной зоне предприятия. Превышений допустимых санитарно-гигиенических нормативов загрязняющих веществ для населённых мест не зарегистрировано.



ОБУЧЕНИЕ

## Повышают свои знания

По заявке отдела техники безопасности и охраны труда началось обучение руководителей и специалистов, должностных лиц, ответственных за обеспечение безопасности и охраны труда. Обучение инженерно – технических работников завода, которое будет идти в течение всего этого месяца, проводит ТОО «Білім арнасы». Слушателями курса, включающего в себя обширный круг правовых тем, станут 125 человек.

*На фото: преподаватель курса Фаина Максотова читает лекцию*





## Ауғанстан оның жан жарасы...

«...Әр жерде өртеніп жатқан техника, айырып болмайды. Алдымда, артымда машиналар минаға түсіп жарылып жатады. Жан-жағымыз тау шатқалдары. Әлсін – әлсін колоннаға оқ атылады. Оған аландауға мұрша жоқ, бұйрық- көлікті тоқтатпау. Жүкті діндеген жерге жеткізу. Әскери тапсырма солай. Біз оқ пен оттың ортасында жанымызды шүберекке түйіп жүріп, осылай интернационалдық борышымызды өтедік». Бұл Ауған соғысында әскери жүк көлігін жүргізген Жеткіншек Кенжеғалиевтің естелігінен үзінді ғана. Бүгінде Ауған соғысының ардагері Ж.Кенжеғалиев Атырау мұнай өңдеу зауытында электромеханик қызметін атқарады. Жыл сайын 15 ақпанда (Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылған күні) зауыттағы «ауғандықтар» жиналып, әрқайсысы естелігімен бөліседі.

1979 жылы Атыраудағы (ол кезде Гурьев қаласы аталады) №13 кәсіптік-техникалық училищесінде elektrik мамандығын алып шыққан Жеткіншек Кенжеғалиев Химия зауытына жолдамамен жіберіледі. Еңбек етіп жүрген жерінен сол жылы күзде әскер қатарына шақырылған екен. Бұл кезде Кеңес Одағының басшылығы өз саяси мүддесін көздеп Ауғанстанға әскер кіргізуге дайындық жүргізіп жатқан. Сол мезгілде әскер қатарына алынған сарбаздардың қанды соғысқа аттанатындарынан хабары жоқ-тын. Түркістан әскери округі әскерлерінің сапына алынған Ж.Кенжеғалиев алты ай бойы әскери механик-жүргізуші мамандығына машықтанады. Бітіріп шыққанда сарбаз бронды машианларды жүргізетін кәнігі жүргізуші еді. Алдымен оны Ашхабадтағы танк бригадасына танк жүргізушісі ретінде қызметке жібереді.

Әлі есінде 1980 жылдың мамыр айында танк бригадасының іріктелген 75 сарбазын түнде дабылмен оятып, ұшаққа отырғызады. Командирлер қай бағытқа бара жатқандары туралы тіс жармады, бұйрыққа бағынышты сарбаздарда қандай сұрақ болсын?! Әске-



ри ұшақ қонған кезде, сапқа тұрғызылған жауынгерлерге олардың Ауған жеріне интернационалдік борышын өтеуге келгендері хабарланды. Сарбаздарға Кунар провинциясында алдымен тау – таста соғысу ерекшеліктері

үйретілді. Алдын ала дайындық қысқа мерзімде өтті, бірақ, күні – түні бойы сарбаздар жаттығудан басқаға мойын бұра алмаған еді. Себебі, жаттығуда қиын болса, соғыста жеңіл!

Дайындықтан соң Жеткіншек Кенжеғалиев жүк көлігін жүргізуге бөлініп, Джелалабадтан Асабабад қаласындағы Кеңес әскерлерінің бөліміне оқ дәрі, азық-түлік тасиды. Джелалабад – ірі көлік – сауда бекеті. Ауғанстан астанасы Кабулдан әскерге қажеттілер осында әкелінеді. Әскери колоннаға тиелген жүк ары қарай тау шатқалдары арқылы біздің жауынгерлер орналасқан базаларға жеткізіледі. Жеткізіледі деп айтуға ғана жеңіл. Ал, сол көліктерді жүргізіп, жүкті межеленген жерге жеткізу үшін олар тозақ отынан өтетін еді. Себебі, осы аралықтағы стратегиялық жүктің тасымалданатынын білетін дұшмандар шатқалдарда торуылдап, колоннаның жолын кесетін. Жолға мина төсейді, тұтқиылдан шабуылдайды. Сарбаз Ж.Кенжеғалиев талай шабуылдың куәсі болды. Колоннаны алдығы жағынан және артынан қорғайтын бронды машиналар бар. Әккі дұшмандар алдымен қорғаушыларды гранатомет немесе минометпен

атып жарып, көшті тоқтатуға әрекеттенетін. Осындай шабуылдан көлікті тоқтатпай алып шығып, жүкті аман жеткізу де ерлік еді. Ол осындай шабуылда талай қаруластарынан айырылды. Жауынгер достарының жанқиярлық ерлігін күні-түні айтуға бар. Ал, өзі ерлік жасадым деп әсте мақтанған емес. Талай бораған оқ пен оттың ортасынан жүк көлігін алып шығып, межелі жеріне жеткізетін. Оған да батылдық пен тәуекел керек. Осылай тозақ отының арасында жылдан аса қызмет еткен Ж.Кенжеғалиев елге аман-есен оралады. Жауынгерлік тапсырманы орындаудағы ерлігі ескеріліп марапаттар да алды. Оған масаттанған жоқ. Бүгінде ол Атырау мұнай өңдеу зауытындағы Ауған ардагерлері кеңесінің төрағасы. Өзі сияқты жат елде соғысқан әріптес «ауғандықтардың» мүддесін қашанда қорғап жүреді. Биыл Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылғанына 27 жыл толады екен. Қанша жыл өтсе де интернационалдық борышын өтеген батырлардың ерлігі ұмытылмайды. Олар сол кездегі Отанының мүддесін қорғады. Қоғам өзгерер, заман өзгерер, ардагерлер үшін Ауғанстан жан жарасы болып қала бермек...

### ЕҢБЕК АДАМЫ

## Ғылым мен өндірісті ұштастырған маман

Бірыңғай операторлар залында өлі тыныштық. Ауысым операторларының бар ынта-назары алдында орналасқан бір-неше көзді мониторда. Жылт етіп, қызылды-жасылды жанып-өшкен сызбалар, сәт сайын өзгеретін түрлі сан, оны қалт жібермей қадағалап отырған қырағы көздер. Бір қарағанда кезекші операторлар жайлы отырған сыңайда.

Ал, тереңірек үңілсеңіз олардың әр қимылы, байланыс арқылы жасаған әр есебі зауыттың өндірісімен тығыз астып жатыр. Барлық өндірістік кешеннің басқарылуы, өнімнің соңғы сатысына дейінгі өңделуі осы жерде анық көрініп тұр. Қайта өңдеу өндірісі, хош иісті көмірсутек өндірісінің операторы Дастан Досмұратовтың алдындағы телефонға тыным жоқ. Жас маман сәт сайын монитордағы өзгерістерді баяндайды. Басқару тетігінде отырғандардан нұсқау алып, сызбаға өзгерістер де енгізіп қояды.

РХ 650-900 желісі бойынша параксиллол өндірісін қадағалап отырған 25 жастағы Дастан Досмұратовтың жұмысы тиянақты. Мониторға үңіле қаранынан жауапкершілігін аңғартады. – Бастысы қысым, температураның қалыпты болуын қадағалау, – дейді маман. Оператор өндірістегі параксиллолдың шикізаттар, қоспалармен түзілуінен бастап, ыдысқа құйылуына дейінгі аралықтағы барлық жүйесін қадағалайды. Өнім шығатын шикізаттар мен қоспаларда баланс болуы шарт. Кем болмауы, не артық кетпеуі қажет. Өнімнің өз регламенті бар. Оны қатаң сақтау қажет.

Реакторға берілетін шикізаттың да белгіленген температурасы бар.

Егер қысым жоғарылап, температура түсіп кететін жағдай болса ше, апат болуы мүмкін бе? – біздің сұрағымызға Дастан сабырлықпен, жымия жауап қатты. – Ешқандай апат бола қоймас. Оған жол берілмейді. Ал, біздің діндеген өнім басқаша болып кетуі мүмкін. Яғни, параксиллолдың сапасы төмендейді. Құрамын түсінбей қалуымыз мүмкін. Сондықтан осы жерде барлығын қадағалап, қажет кезде шешем шығарамыз. Әрине, оның бәрі де басшылықпен келісімде жүргізіледі. Қазіргі замануи технологияның ерекшелігі сол, жедел шара қолдануға, шешімді әбден таразылап алуға толық мүмкіндік береді. Сондықтан да осы операторлық бекетте барлық өндіріс жүйесін басқару айқын жүргізіледі.

Дастан Досмұратов 2012 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің химия-технология факультетін бітірген. Сол жылы қазан айында Атырау Мұнай өңдеу зауытына АҚШ қондырғысының операторы болып жұмысқа алынады. Жастық жалынмен келген маман әріптестерінің сенімінен шығады. Жұмы-



сына жауапкершілікпен қарайтын ол, оқуын әркез жалғастыруды ойлаумен болады. Себебі, ароматикалық көмірсутек өндірісінің кешені іске қосылмақ. Оған білікті мамандар қажет. Осындай ой жетегіндегі Дастан И.Губкин атындағы Ресей Мемлекеттік мұнай және газ университетінің магистратурасына құжаттарын тапсырып, сынға түседі. Бұл 2013 жылдың тамыз айы еді. Талабы оңдап, Мәскеуден қуанышты хабар жетеді. Университеттің химия-технология магистратурасына қабылданған екен. 3 жыл оқуы қажет. Дастан зауыттағы істеп жатқан жұмысынан қимаса да шығып,

білім алуға Ресейге аттанады. Өндірістегі тәжірибесі бар маманға білімін жетілдіру қиындық тудырған жоқ. Өндірістің ғылыми жағына да назар салды. 2015 жылы ол оқуын бітіріп-магистр атағын алып шықты. Білімін шыңдаған жас ойланбастан өзі еңбек жолын бастаған Атырау мұнай өңдеу зауытына келеді. Басшылық талапты маманды жауапты қызметке қабылдады. Міне, өндіріске қайта оралған Дастан алда мамандығына сай ғылыми жұмыспен де шұғылдандуды ойластырып жүр.

**Бетті дайындаған:**  
**Нұрлыбек ҒИЗАТОВ**



ЗДОРОВЬЕ

# Особенности санаторно – курортного лечения

Ежегодно работники ТОО «АНПЗ» проходят периодический медицинский осмотр. По итогам 2015 года, специалисты ТОО «Медикер Жайык» помимо амбулаторного обследования и диспансерного наблюдения по месту жительства, ряду заводчан назначили санаторно – курортное лечение. В связи с этим у работников предприятия участились вопросы в адрес врачей: в чем особенности санаторно – курортного лечения, и при каких видах заболеваемости его назначают? Отвечает на эти и другие вопросы терапевт медпункта Марфуха Жанбирова.

- Марфуга Бекбаевна, при каких болезнях назначается санаторно – курортное лечение?

Спектр показаний санаторно – курортного лечения очень обширный, начиная от заболеваний желудочно – кишечного тракта и завершая, так называемыми болезнями цивилизации, к которым мы относим стресс, физическое и эмоциональное истощение, преждевременное старение, хроническая усталость, проблемы с рождением здорового ребёнка, лишний вес тела. А если говорить детально, то это заболевания опорно-двигательного аппарата, нервной системы, системы кровообращения, эндокринной системы и нарушения обмена веществ, органов дыхания, мочеполовой системы, в том числе, болезни почек и мочевыводящих путей, гинекологические, урологические заболевания, ЛОР-органов, аллергические заболевания, болезни кожи и подкожной клетчатки.

Каков порядок получения направления на санаторно – курортное лечение?

Это очень часто задаваемый вопрос. Для оформления санаторно – курортной карты необходимо обратиться к врачу – терапевту поликлиники по месту жительства. Необходимо сдать следующие анализы:

- \*клинический анализ крови и мочи,
- \*ЭКГ (электрокардиограмма)
- \*рентгенологическое обследование (ФЛГ или рентгеноскопия органов грудной клетки)
- \*для женщин заключение гинеколога независимо от диагноза заболевания



\*заключения других специалистов в зависимости от профиля заболевания.

После сдачи всех необходимых анализов, с учетом истории болезни, а также жалоб на момент обращения пациента, вместе с врачами лечебно-оздоровительного комплекса подбирается программа лечения и реабилитации пациента. Тут хотелось бы отметить, что санаторно-курортное лечение в настоящее время стало довольно популярным способом терапии заболеваний опорно-двигательной системы. Многие специалисты рекомендуют его пациентам с диагнозом «остеохондроз», но пациенты подвергают сомнению лечение остеохондроза в условиях санатория. Причина этого заключается, прежде всего, в непонимании роли санаторных методов терапии. Многие больные полагают, что с их помощью можно полностью

снять острые приступы или избавиться от болезни. Но это не так. Санаторное лечение назначается в качестве одного из основных методов реабилитации после основной терапии, проводимой для устранения острой фазы, а также для предупреждения рецидивов. Хочу подчеркнуть, что предлагаемые санаториями методы лечения способствуют восстановлению нормального функционирования организма с помощью достаточно результативной физиотерапии и некоторых других процедур, но не предусматривают применения обезболивающих, противовоспалительных и других медикаментов.

По Вашему мнению, какие методы лечения в санаторных условиях являются наиболее эффективными, к примеру, того самого остеохондроза?

Я не случайно сделала акцент на

этом заболевании опорно – двигательного аппарата. Остеохондроз становится болезнью века и этому способствует ряд причин: это и сидячий, малоподвижный образ жизни, стрессы и многое другое. Конечно, каждый из санаториев предлагает своим посетителям целый ряд процедур. Выбор конкретного комплекса осуществляется лечащим врачом с учетом особенностей течения остеохондроза, ее стадии, выраженности, возраста пациента, наличия сопутствующих заболеваний. Наиболее распространенными санаторными методами лечения являются грязелечение, гирудотерапия, использование минеральных вод, лечебные ванны, лазеротерапия, мануальная терапия, иглорефлексотерапия, криотерапия. Последний метод применяется не столь часто, хотя во многих случаях он оказывает достаточно выраженный эффект.

Беседовала Индира САТЫЛГАНОВА



## ПРИГЛАШЕНИЕ НА ПОМИНКИ



Поминки (40 дней)  
**Юнуса Якубовича Закерьяева**  
состоится  
13 февраля в 11.00 часов  
в ресторане «Таргын»

Общество пенсионеров ТОО «АНПЗ» выражает глубокое соболезнование ветерану завода Сании Утегеновой, родным и близким в связи с кончиной ветерана завода, пенсионера ТЭЦ  
**ФАРИДА КУМАТОВИЧА  
УТЕГЕНОВА**

Скорбим и разделяем горечь утраты

Общество пенсионеров ТОО «АНПЗ» выражает благодарность руководству и коллективу ТЭЦ за помощь в организации похорон и поминок.

Коллектив П «ПНГО» выражает искреннее соболезнование родным и близким в связи с кончиной ветерана завода  
**Сабыртая Турсунова**

Общество пенсионеров ТОО «АНПЗ» выражает глубокое соболезнование ветерану завода Умитай Борангалиевой, родным и близким в связи с кончиной ветерана завода, участника трудового фронта, пенсионера цеха №1

**Сабыртая Турсунова**

Скорбим и разделяем горечь утраты

Коллектив производственного отдела выражает глубокие и искренние соболезнования диспетчеру завода Сание Жумаевне Мурзагалиевой в связи с безвременной кончиной супруга

**Юнуса Якубовича  
Закерьяева**  
Разделяем горечь утраты

Коллектив П «ПНГО» выражает искреннее соболезнование родным и близким в связи с кончиной работника завода

**Юнуса Якубовича  
Закерьяева**

Коллектив ПТН выражает искреннее соболезнование Сание Жумаевне Мурзагалиевой в связи с кончиной

**супруга**

СЖЖКО ұжымы және кәсіподақ ұйымы Сумен жабдықтау және кәріз нысандары механикалық тазарту қондырғысы операторы Турсунов Нұрболатқа

**әкесінің**

кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.





Дорогого **Сергея Владимировича Фаткеева** поздравляем с днем рождения!  
 Желаем оставаться активным и энергичным, прожить еще столько же, не болеть, не стареть. Желаем светлого будущего на заводе и огромного улова на рыбалке!

С искренними пожеланиями **отдел ОТК**

\*\*\*\*\*

ИП «MEDYAGRUP» жетекшісі

**Данияр Бауыржанұлы Мұхамбетовті** туған күнімен құттықтаймыз! Ойлаған арманыңа жетуіңе тілектеспіз. Сені тек биіктерден көрейік. Қадамыңа - гүл, келбетіңе - нұр, қиялыңа қанат бітсін, жасыңа - жас қосылсын! Шаңырағыңа құт-береке, бейбіт күннің арайлы шуағы мейлінше төгіле түссін, отбасыңа - амандық, деніңе - саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз, арманың - асқақ, шығар биігің асқаралы болсын!

Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,  
 Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп.  
 Шаттықпенен көріп таңның арайын,  
 Жаратушы төксін игі жақсылық.

Жас жігітке төгіліп бар жігер-күш,  
 Еңбегіңіз еселенсін ел үшін.

Әлі талай қызықтарға кенеліп,  
 Бұл өмірдің көріңіз тек жеңісін.

**Ізгі ниетпен: ИП «MEDYAGRUP» ұжымы**

\*\*\*\*\*

**Коллектив ПТН** от всего сердца поздравляет ветерана цеха №4

**Розу Мирасову**

с днём рождения!

Желаем здоровья, долгих лет жизни, радости, счастья и благополучия!

С днём рождения поздравляем

**Алтын Сапаровну Зиналину**

**Гульмиру Ибраимовну Иралиеву**

**Айнагуль Кимирзановну Алекешову**

**Аманжола Мардановича Аюпова !!!**

Дни проходят без оглядки

И сливаются в года.

Год прибавится к десятку

Это вовсе не беда.

Важно быть всегда здоровым

И не важно сколько лет.

Мы желаем счастья много

И сердечный шлём привет.

**Коллектив ППНГО** поздравляет с днем рождения

**Тимура Аманжоловича Шандиева!**

**Рафаэла Есенкараевича Утегенова!**

**Рашида Кабдолова!**

Желаем доброго пути,

С друзьями этот путь пройти,

Здоровья чтоб не занимать,

И никогда не унывать,

Чтоб сопутствовали вечно

Удача, радость и успех.

\*\*\*\*\*

Поздравляем с 35-летием

**Романа Алиевича Бекирова!**

Мы вам желаем в день рождения

Улыбок, радостных хлопот,

Здоровья, счастья и веселья,

Сегодня, завтра, круглый год!

Пусть будет счастье и здоровье,

И пусть на все хватает сил,

И чтобы каждый день с любовью

Вам только радость приносил.

**Ваш коллектив ППНГО**

\*\*\*\*\*

**Коллектив ППНГО** поздравляет ветерана

труда, председателя общества

пенсионеров ТОО «АНПЗ

**Людмилу Владимировну Скоробогатову**

с 60-летием!

Вам сегодня шестьдесят!

А не скажешь так на взгляд:

Бодра, свежа и всех модней-

И такой вдруг юбилей!

Света, доброго веселья.

Поздравляем с днем рождения!

Свет гасите, торт несите!

Шестьдесят свечей зажгите!

\*\*\*\*\*

**МӨӨ СЖЖКН ұжымы және кәсіподақ ұйымы**

механикалық тазарту қондырғысының

операторы

**Бекболат Сарсенғалиевті**

еңселі ердің елу жасымен құттықтайды!

Қай кезде де алдыңыздан ақ күн тусын,

Өміріңіздің желкенін шаттық ұрсын.

Өміріңіз қаншаға созылса да,

Ең соңында «нүкте» болып бақыт тұрсын!

**МӨӨ СЖЖКН ұжымы және кәсіподақ ұйымы**

**Рүстем Утебаевты,**

**Оралбай Нұрғалиевты,**

**Мұратбек Хабибуллинды,**

**Иван Байкеевты**

туылған күндерімен шын жүректен

құттықтайды!

Аспандарың ашық,

Дұшпандарың қашық,

Өмірлерің мәнді,

Көңілдеріңіз сәнді,

Жандарыңыз тыныш,

Жұмыстарыңыз жемісті болсын!

\*\*\*\*\*

**Коллектив цеха АТС**

поздравляет

**Марфугу Узакбаевну Кейль**

с днем рождения!

Пусть жизнь дарует счастья краски,

Чтобы на все хватало сил,

Чтоб окружали дети лаской,

Чтоб все сбылось, что не проси!

Пусть день рождения грусть не сеет,

Года уходят – не грусти!

Тебе шестнадцать, в самом деле,

В душе, в улыбке и в любви!

\*\*\*\*\*

**Коллектив ТОО «iQS Engineering»**

поздравляет

**Марфугу Узакбаевну Кейль**

**Александра Валерьевича Рубцова**

**Нуржана Нурланулы Имашева**

с днем рождения!

Мы очень рады Вас поздравить

с днем рождения,

Пусть жизнь становится светлее

с каждым днем,

Чтобы прекрасным было каждое мгновение,

И полной чашей был всегда уютный дом.

Здоровья, радости, взаимопонимания,

Любви, гармонии мы пожелать хотим,

Чтоб исполнялись сокровенные желания,

И были рядом те, кто дорог и любим!

«НОВАТОР»  
 апталық басылым  
 №2 12 ақпан 2016 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
 060001, Атырау қ.,  
 «АНПЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі,1  
 тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС  
 баспаханасында беттеліп  
 басылды.  
 Атырау қ., Молдағалиев к-сі, 29А  
 Тел.: 45-86-60.  
 Тиражы 1000 дана  
 Тапсырыс №186

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС  
 ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:  
 бастығы - Е.Есенова  
 маман - Ш.Кәкімжанова  
 «MEDYAGROUP» ЖК:  
 жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
 редакторлар: И.Сатылғанова,  
 Н.Ғизатов, фотограф Н.Қанатов

Газет  
 Қазақстан Республикасының  
 баспасөз және бұқаралық  
 ақпарат министрлігінде  
 1992 жылғы 27 мамырда  
 тіркеліп, тіркеу туралы  
 №790 күәлігі берілген

**НОВАТОР**